ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 31 қаңтар №2301-24-00-2/7 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева,
сот отырысының хатшысы Д.Ш.Исмаилова болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны,

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Мирас» - Досжан Халиевич Исаев,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор М.Қыстаубаева,
талап қоюшы өкілі З.Ғ.Ғабдол,

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2023 жылғы 14 қарашада тараптар тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №154 келісім-шартқа (бұдан әрі – шарт) қол қойған. Шарт бойынша жауапкер шартқа қол қойған күннен кейін, 16 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылғы 30 қарашаға дейін талап қоюшыға 105 000 теңгеге спорттық табан әкелуге міндеттенген. Алайда, шартта көзделген мерзімде жауапкер тауарды жеткізбеген.

Талап қоюшы сотқа жолдаған өз талабын жауапкердің тараптар арасында жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауымен негіздеген.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қолдап, қызмет әлі күнге дейін орындалмағанын, спорттық табан спортшылардың жаттығуына қажетті спорттық құрал екенін, сондықтан жауапкердің тауарды уақытылы жеткізбеуі салдарынан спорттық жаттығуға қажетті құралдың

спортшыларға табысталмағанын, бұл мән-жай жағымсыз салдар екенін түсіндіріп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының өтетін орны мен уақыты туралы хабарлы болғанымен, жауапкер сот отырысына келген жоқ.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігінің талабына сай, сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған іске қатысатын тұлғалардың қайсыбірі келмеген жағдайда, егер олардың келмеу себептері дәлелсіз деп танылса, сот істі қарауға құқылы.

Сот, жауапкер өкілінің сот отырысына қатыспауын дәлелсіз деп танып, істі жауапкер өкілінің қатысуынсыз қарады.

Прокурор талап қою қанағаттандырылуға жататыны туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (бұдан әрі– Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың <u>тізілімі</u> өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды. Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті қызмет жеткізген жоқ.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2023 жылғы 25 желтоқсанда жүгінген. Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 05.02.2024
Заңды күшіне енген күні: 06.03.2024, судья Султангалиева А. Е., 06.03.2024
2301-23-3-1/3821

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

№2 талап қою бойынша

Тапсырыс берушінің мердігерден тұрақсыздық айыбын өндіру құқығы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 292-293, 298-баптарына сәйкес келеді.

Шарттың 7.3-тармақшасында, жұмыстардың орындау мерзімі өткен жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігер міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Мердігерден мерзімі өткен әрбіп күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады).

Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасынан 10% артық болмауы тиіс.

Талап қоюшы айыппұл мөлшерін 2023 жылғы 1-16 желтоқсан аралығындағы 16 күн үшін 2 100 теңге деп есептеген. Сот, бұл есепті дұрыс деп санайды. Мұндай жағдайда, сот, №2 талап қою қанағаттандырылуға, жауапкерден талап қоюшының пайдасына 2 100 теңге тұрақсыздық айыбы, мемлекеттік бажға төленген 63 теңге сот шығыны өндірілуге жатады деген тұжырымға келеді.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226, 229 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Атырау облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның жауапкер жеке кәсіпкер «Мирас» - Досжан Халиевич Исаевты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Мирас» - Досжан Халиевич Исаев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Мирас» - Досжан Халиевич Исаевтан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Мирас» - Досжан Халиевич Исаевтан талап қоюшы «Атырау облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 2100 (екі мың бір жүз) теңге

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 05.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 06.03.2024, судья Султангалиева А. Е., 06.03.2024

тұрақсыздық айыбы, 63 (алпыс үш) теңге мемлекеттік бажға төленген сот шығыны өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Анықтама: Сот шешімі «___» _____2024 жылы заңды күшіне енді.
Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 05.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 06.03.2024, судья Султангалиева А. Е., 06.03.2024